ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ | ПРИКАЗ

05.07.2022 ж. | № 214

Нұр-Сұлтан қаласы | город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы аумағынан жекелеген тауарларды әкетудің кейбір мәселелері туралы**

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 2-тармағына және 18-бабы 3-тармағына, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 29 және 47-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қатысты сандық шектеулер (квоталар) енгізілетін тауарлар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Аграрлық азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 30 қыркүйекке (қоса алғанда) дейін қолданыста болады.

**Министрдің м.а.** **Ә. Тамабек**

003783

бұйрығына 1-қосымша

## Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай айқындамалар мен ұғымдар қолданылады:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы – кедендік-тарифтік реттеу шараларын, кедендік әкету баждарын, тыйымдар мен шектеулерді, ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану, кедендік статистиканы жүргізу мақсатында тауарларды сыныптау үшін пайдаланылатын тауарларды сипаттау және кодтау жүйесі;

2) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар (бұдан әрі – өтінім беруші) – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар;

3) тауар – осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қатысты сандық шектеулер (квоталар) енгізілетін тауарлар тізбесінде көрсетілген тауарлар.

### 2-тарау. Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу тәртібі

3. Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге арналған квоталар көлемдерін бөлу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес фитосанитариялық сертификаттар беру кезінде автоматты түрде агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған «e-Agriculture» жүйесінде (бұдан әрі – ББАЖ АЖ) жүзеге асырылады.

4. Тасымалдау тәсілінің, алушының, алушының мекенжайының, жөнелту орнының өзгеруіне байланысты қайталама тиеп-жөнелту орындарында

экспорттық партияларды қайта тиеу (қалыптастыру) кезінде бастапқы тиеп-жөнелту орындарында берілген квота көлемі өзгеріссіз қалады.

5. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін ББАЖ АЖ-да тауарлар бойынша квота көлемінің сандық лимиті қалыптастырылады.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында (бұдан әрі – интернет-ресурс) Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге арналған квота көлемін бөлудің басталғаны туралы хабарландыру орналастырады.

Хабарландыруда мынадай ақпарат көрсетіледі: тауардың атауы, бөлінетін квотаның көлемі, бір өтінім беруші үшін жол берілетін лимит, квотаны бөлудің басталатын күні мен уақыты.

7. Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге арналған квоталар көлемдерін бөлу ББАЖ АЖ-да карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге арналған фитосанитариялық сертификат алуға өтініштердің келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

8. Квотаның қолданылу кезеңінде тауарларды әкетуге бір өтінім беруші үшін жол берілетін лимит белгіленеді, ол жиынтығында 500 (бес жүз) тоннадан аспайды.

9. Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге арналған квота көлемін өтінім берушілер арасында бөлу тауарлар бойынша квота көлемі толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

10. Комитет күн сайын интернет-ресурста мынадай ақпарат орналастырады:

1) тауарлар бойынша берілген квота көлемінің саны;

2) тауарлар бойынша бөлінуі тиіс қолжетімді квота көлемі.

бұйрығына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге қатысты сандық шектеулер (квоталар) енгізілетін тауарлар тізбесі**

| Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) коды* | Тауардың атауы* | Квота мөлшері, тонна | Қолданылу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1206 00 100 0 | Ұсақталған немесе егіске арналған ұсақталмаған күнбағыс тұқымдары | 15 000 | 2022 жылғы 1 шілдеден 2022 жылғы 30 қыркүйекке (қоса алғанда) дейін |
| 1206 00 990 0 | Күнбағыстың ұсақталған немесе ұсақталмаған өзге де тұқымдары | | |

Ескертпе: * сандық шектеулерді (квоталарды) қолдану мақсаттары үшін тауарлар ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарымен де, тауарлардың атауларымен де айқындалады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

05.07.2022 г. № 214

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

**О некоторых вопросах вывоза отдельных товаров
с территории Республики Казахстан**

В соответствии с пунктом 2 статьи 17 и пунктом 3 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности», статьями 29 и 47 Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) Правила распределения количественных ограничений (квот) согласно приложению 1 к настоящему приказу;

2) Перечень товаров, в отношении вывоза которых с территории Республики Казахстан вводятся количественные ограничения (квоты), согласно приложению 2 к настоящему приказу.

2. Департаменту агропродовольственных рынков и переработки сельскохозяйственной продукции Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего приказа в Министерстве юстиции Республики Казахстан;

2) размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан после его официального опубликования.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра сельского хозяйства Республики Казахстан.

4. Настоящий приказ вводится в действие после дня его первого официального опубликования и действует по 30 сентября 2022 года.

**И.о. Министра** **Ә. Тамабек**

003782

Приложение 1 к приказу

**Правила распределения количественных ограничений (квот)**

**Глава 1. Общие положения**

1. Настоящие Правила распределения количественных ограничений (квот) (далее – Правила) разработаны в соответствии с пунктом 3 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности» и определяют порядок распределения количественных ограничений (квот).

2. В настоящих Правилах применяются следующие определения и понятия:

1) единая товарная номенклатура внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза – система описания и кодирования товаров, которая используется для классификации товаров в целях применения мер таможенно-тарифного регулирования, вывозных таможенных пошлин, запретов и ограничений, мер защиты внутреннего рынка, ведения таможенной статистики;

2) участники внешнеторговой деятельности (далее – заявитель) – осуществляющие внешнеторговую деятельность физические лица, в том числе зарегистрированные в качестве индивидуальных предпринимателей в соответствии с законодательством Республики Казахстан, и юридические лица, созданные в соответствии с законодательством Республики Казахстан, а также организации, не являющиеся юридическими лицами;

3) товар – товары, указанные в перечне товаров, в отношении вывоза которых с территории Республики Казахстан вводятся количественные ограничения (квоты) согласно приложению 2 к настоящему приказу.

**Глава 2. Порядок распределения количественных ограничений (квот)**

3. Распределение объемов квот на вывоз товаров с территории Республики Казахстан осуществляется в единой автоматизированной системе управления отраслями агропромышленного комплекса «e-Agriculture» (далее – ИС ЕАСУ) автоматически при выдаче фитосанитарных сертификатов в соответствии с Правилами по охране территории Республики Казахстан от карантинных объектов и чужеродных видов, утвержденными приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июня 2015 года № 15-08/590

(зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 12032).

4. При перегрузке (формировании) экспортных партий в местах вторичной отгрузки в связи с изменением способа транспортировки, получателя, адреса получателя, места отправления, объем квоты, выданный в местах первоначальной отгрузки, остается неизменным.

5. После введения в действие настоящих Правил в ИС ЕАСУ формируется количественный лимит объема квоты по товарам.

6. Комитет государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – Комитет) в течение 1 (одного) рабочего дня со дня введения в действие настоящих Правил размещает на интернет-ресурсе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – интернет-ресурс) объявление о начале распределения объемов квот на вывоз товаров с территории Республики Казахстан.

В объявлении указывается следующая информация: наименование товара, объем распределяемой квоты, допустимый лимит для одного заявителя, дата и время начала распределения квоты.

7. Распределение объемов квот на вывоз товаров с территории Республики Казахстан осуществляется в ИС ЕАСУ по очередности согласно дате и времени поступления заявлений на получение фитосанитарного сертификата на вывоз подкарантинной продукции за пределы Республики Казахстан.

8. На период действия квоты устанавливается допустимый лимит для одного заявителя на вывоз товаров, который в совокупности составляет не более 500 (пятьсот) тонн.

9. Распределение объема квоты на вывоз товаров с территории Республики Казахстан между заявителями осуществляется до полного исчерпания объема квоты по товарам.

10. Комитет на ежедневной основе размещает на интернет-ресурсе следующую информацию:

1) количество выданного объема квоты по товарам;

2) доступный объем квоты, подлежащий распределению по товарам.

Приложение 2 к приказу

**Перечень товаров, в отношении вывоза которых с территории Республики Казахстан вводятся количественные ограничения (квоты)**

| Код Товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза (далее – ТН ВЭД ЕАЭС)* | Наименование товара* | Размер квоты, тонн | Срок действия |
|---|---|---|---|
| 1206 00 100 0 | Семена подсолнечника, дробленные или недробленые для посева | 15 000 | с 1 июля 2022 года по 30 сентября 2022 года |
| 1206 00 990 0 | Прочие семена подсолнечника, дробленные или недробленые | | |

Примечание: * для целей применения количественных ограничений (квот) товары определяются как кодами ТН ВЭД ЕАЭС, так и наименованиями товаров.